

## Бір жолғы талон құнын белгілеу туралы

### *Күші жойғал*

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 наурыздағы N 29/2 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Шиелі ауданының әділет басқармасында 2010 жылы 01 сәуірде N 10-9-111 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013 жылғы 04 қаңтардағы N 12/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2013.01.04 N 12/2 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" кодексін (Салық кодексі ) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабын, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашасындағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8 бабының 3 тармағын басшылыққа ала отырып аудандық мәслихат (кезектен тыс ХХІХ сессия) **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Аудан көлемінде орналасқан базарлар мен сауда қатарларында тауарларды сату, (базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы, оқшауланған блоктардағы сауданы қоспағанда) қызметтер көрсету және дүркін-дүркін сипаттағы кәсіп түрлері үшін біржолғы талон құны қосымшаға **с ә й к е с б е л г і л е н с і н .**

2. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 29 қаңтардағы "Бір жолғы талон құнын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылдың 3 наурызында N 10-9-79 болып тіркелген, аудандық " Өскен өңір" газетінің 2009 жылдың 18 наурызындағы N 27-30 шығарылымында жарияланған) N 14/4 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың**  
**сессия төрағасы** **Ә. Сейтжанұлы**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы** **С.Қ. Оразымбетов**

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы  
26 наурыздағы N 29/2 шешіміне  
қосымша

**Аудан көлемінде орналасқан базарлар мен сауда қатарларында тауарларды сату, (базар аумағындағы дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы, оқшауланған блоктардағы сауданы қоспағанда) қызметтер көрсету және дүркін-дүркін сипаттағы кәсіп түрлері үшін біржолғы талон құны**

|    | Базарларда жасалатын саудалардың түрі                              | Бір жолғы талон құны (теңге) |
|----|--|------------------------------|
| 1. | Азық-түлік өнімдері  |                              |
| 1  | Жүк автокөліктерінен азық-түлік сату                               | 600                          |
| 2  | Жеңіл автокөліктерінен азық-түлік сату                             | 300                          |
| 3  | Көтерме көкөніс өнімдерін сату                                     | 200                          |
| 4  | Жерден көкөніс өнімдерін сату                                      | 200                          |
| 5  | Азық-түлік өнімдерін сөреден сату                                  | 140                          |
| 6  | Сөреден жеміс өнімдерін сату                                       | 120                          |
| 7  | Жерден күнбағыс сату   | 30                           |
| 8  | Сөреден талқан, сөк, қауынқак, қак, айран, сүт, май өнімдерін сату | 45                           |
| 9  | Ет және ет өнімдерін сату  | 150                          |
| 10 | Балмұздақ, газдалған сусындар сату                                 | 70                           |
| 11 | Күріш, ұн өнімдерін қаптап сату                                    | 140                          |
| 12 | Салат сату   | 50                           |
| 13 | Құс түрлерін сату  | 50                           |
| 14 | Нан және кондитерлік өнімдерді сату                                | 70                           |
| 2. | Өндірістік тауарларды сату   |                              |
| 1  | Сөреден өндірістік тауарларды сату                                 | 150                          |
| 2  | Сөреден кеңсе тауарларын сату                                      | 150                          |
| 3  | Бас киімдерді сату   | 100                          |
| 4  | Телевизор, тоназытқыштарды сату                                    | 100                          |
| 5  | Кілем, палас өнімдерін сату  | 150                          |
| 6  | Маталарды кездемелеп сату  | 120                          |
| 7  | Аудио, бейне, ұнтаспаларды сату, жалға беру                        | 120                          |
| 8  | Құрылыс материалдарын сату   | 150                          |
| 9  | Етік, сағат жөндеу қызметі   | 100                          |
| 10 | Қол арбамен халыққа қызмет көрсету                                 | 50                           |
| 11 | Насыбай сату   | 20                           |
| 12 | Күнделікті тұтынатын шаруашылық заттарын сату                      | 120                          |
| 13 | Базарларда жүк сақтау қызметі                                      | 150                          |
| 14 | Пайдаланылған қосалқы бөлшектерді сату                             | 50                           |
| 15 | Қолдан тоқылған шұлық, шарқат т.б, заттарды сату                   | 20                           |
| 16 | Техника қосалқы бөлшектерін сату                                   | 150                          |
| 17 | Сөреден құрылыс материалдарын сату                                 | 150                          |

|    |   |     |
|----|---|-----|
| 18 | Палатка және ыдыстарды жалға беру   | 300 |
| 3. | Автокөліктерді сату.  |     |
| 1  | Жүк автокөліктерін сату   | 200 |
| 2  | Жеңіл автокөліктерін сату   | 100 |
| 4. | Үй жануарларын сату   |     |
| 1  | Ірі қара малын сату   | 100 |
| 2  | Уақ малдарын сату   | 35  |
| 3  | Үй құстарын сату  | 20  |
| 4  | Халық тұтынатын тауарларды жәрмеңке және көрмелерден сату                       | 100 |
| 5  | Автокөліктерді жалдамалы түрде облыстан тыс жерлерден алып келу қызметі         | 500 |
| 6  | Жұлдызнамаларды және бал ашуларды құрау жөніндегі қызмет көрсету                | 50  |
| 7  | Қаппен отын сату  | 20  |
| 8  | Газ баллондарын сату  | 100 |
| 9  | Терілерді қабылдау және сату  | 50  |
| 10 | Терезелерге әйнек кесіп салу және сату  | 40  |
| 11 | Үй жиһаздарын құрастырып жинау  | 100 |
| 12 | Ағаш өнімдерінен бұйымдар жасау және сату                                       | 50  |
| 5. | Дүркін-дүркін сипаттағы кәсіп түрлері бойынша                                   |     |
| 1  | Газеттер мен журналдар  | 50  |
| 2  | Сыпырғылар, сыпыртқылар, орман жидектерін, бал, саңырауқұлақтар және балық сату | 100 |
| 3  | Тұқым сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)                         | 100 |
| 4  | Жануарлар мен құстардың жемдерін сату   |     |
| 1) | Жемдік мал азығын машинадан сату  | 150 |
| 2) | Жемдік мал азығын қаптап сату   | 20  |
| 5  | Үй жануарлары мен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар                 | 50  |
| 6  | Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілетін табиғи гүлдер              | 50  |
| 7  | Қосалқы ауылшаруашылығы, бағбандық, бакшалық және саяжай учаскелерінің өнімдері | 50  |
| 8  | Бақша дақылдары   | 120 |
| 9  | Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі       | 100 |